

№ 01-1-24/221-И от 13.01.2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

13 қаңтардағы 2022 года № 3
Нұр-Сұлтан қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасының
мемлекеттік шекарасындағы өткізу
пункттерінде коронавирус
инфекциясы ауруының алдын алу
жөніндегі шараларды одан әрі
күшейту туралы**

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 коронавирус инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 38-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, 104-бабы 7-тармағының 8) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдері, денсаулық сақтау басқармаларының басшылары, Орталық мемлекеттік органдар, көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті:

1) Қазақстан Республикасына шетелден авиарейстермен келетін адамдарға қатысты іс-шараларды мынадай тәртіппен жүргізуді қамтамасыз етсін:

оларды ертіп жүретін адамдарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде 72 сағаттан ерте емес уақытта алынған ПТР әдісімен COVID-19-ға тесттің теріс нәтижесі бар анықтама (қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде) (бұдан әрі – Анықтама) болған жағдайда 5 жасқа дейінгі балаларды; Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; авиакомпаниялар экипаждарын қоспағанда, барлық келген адамдар COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсының болуына қарамастан, Анықтама ұсынуға міндетті.

Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; авиакомпаниялар экипаждарын қоспағанда, шетелден Қазақстан Республикасына халықаралық

жолаушылар авиарейстерімен келген адамдарға қатысты шектеу шаралары осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі;

Халықаралық транзитпен жүретін жолаушылар транзиттік аймақтан шықпайды және соңғы межелі пунктте шектеу шараларын жүргізуге жатады;

2) Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен теміржол, теңіз, өзен көлігімен және автоөтпе жолдарымен келетін адамдарға қатысты іс-шараларды мынадай тәртіппен жүргізуді қамтамасыз етсін:

оларды ертіп жүретін адамдарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде 72 сағаттан ерте емес уақытта алынған ПТР әдісімен COVID-19-ға тесттің теріс нәтижесі бар анықтама (қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде) (бұдан әрі – Анықтама) болған жағдайда 5 жасқа дейінгі балаларды; Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; авиакомпаниялар экипаждарын, локомотив бригадаларының мүшелерін; теміржол, теңіз және өзен көлігіндегі тасымалдау қызметімен байланысты адамдарды қоспағанда, барлық келген адамдар COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсының болуына қарамастан, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде Анықтама ұсынуға міндетті;

Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; локомотив бригадаларының мүшелерін; теміржол көлігіндегі тасымалдау қызметімен байланысты адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен теміржол, теңіз, өзен көлігімен және автоөтпе жолдарымен келетін адамдарға қатысты шектеу шаралары осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес жүргізіледі;

2. Облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдері, денсаулық сақтау басқармаларының басшылары:

1) шетелден Анықтамасыз келген Қазақстан Республикасының азаматтарын карантиндік стационарға дейін тасымалдауды;

2) келген адамдарды ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық зерттеп-қарау нәтижелері алынған күні карантиндік стационардан шығаруды қамтамасыз етсін.

3. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, аумақтық департаменттері, мемлекеттік кірістер органдарының құрылымдық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы барлық өткізу пункттерінен шетелден келетін барлық адамдарға міндетті түрде термометрия жүргізе отырып, санитариялық-карантиндік бақылау жүргізуді;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес рейс келгеннен кейін екі сағат ішінде деректерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Веб-қосымшасына бере отырып, оларды сауалнамаларды тану жүйесімен өңдеуді;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттеріндегі санитариялық-карантиндік пункттердің мамандарын тәулік бойғы жұмыс режимін ескере отырып, жеке қорғаныш құралдарымен және дезинфекциялау құралдарымен жарақтандыруды;

4) көліктік бақылау бекеттерінде тасымалдаушылар мен жолаушылар арасында COVID-19-дың профилактикасы және таралуының алдын алу бойынша санитариялық-ағарту және түсіндіру жұмыстарын жүргізуді;

5) COVID-19 таралуының алдын алу бойынша көрнекі үгіт құралдарын орналастыруды ұйымдастыруды, сондай-ақ COVID-19-дың профилактикасы мәселелері бойынша дауыс зорайтқыш байланысы арқылы жолаушыларды ақпараттандыруды;

6) шетелден келетін барлық азаматтарға COVID-19-дың әкеліну және әлемде таралу қаупі жағдайларында оның профилактикасы мәселелері бойынша жадынамалар таратуды;

7) COVID-19-дың профилактикасы мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, халық арасында санитариялық-ағарту жұмысын жүргізуді;

8) Мемлекеттік шекарадағы өткізу пункттерінің қызметкерлеріне COVID-19-дың профилактикасы мәселелері бойынша нұсқама жүргізуді қамтамасыз етсін.

4. Сыртқы істер, ақпарат және қоғамдық даму, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктері ҚР аумағына кіретін адамдарға электрондық сауалнамадан өту қажеттілігі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізсін.

5. Индустрия және инфрақұрылымдық даму, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері, облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларының әкімдіктері Мемлекеттік шекарадағы әуежайлар мен өткізу пункттерінде техникалық жарақтандыруды, сүйемелдеуді және үшінші буыннан төмен емес мобильді деректер (3G) барынша аз берілетін, интернетке қолжетімділікті қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктерді осы қаулымен таныстырсын.

7. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Қазақстан Республикасының туроператорлар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігімен бірлесіп:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде демалысын ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасына COVID-19-дың әкелінуінің алдын алу жөнінде қосымша шаралар қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасына шетелден келетін адамдарға қойылатын талаптардың өзгергені туралы туроператорларды хабардар етсін.

8. Авиакомпаниялар басшылары:

1) оларды ертіп жүретін адамдарда Анықтама болған жағдайда 5 жасқа дейінгі балаларды; Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; авиакомпаниялар экипаждарын қоспағанда, COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсының болуына қарамастан, Анықтама ұсынбаған жолаушыларды әуе кемесінің бортына отырғызуға жібермеуді;

2) ұшу кезінде жолаушылар мен экипажға сауалнама жүргізуді, оның ішінде толық толтырылғанын тексеруді, толық толтырылмаған жағдайларда қосымша сауалнама жүргізуді;

3) толтырылған сауалнамаларды, манифестті және әуе кемесінің бас декларациясын ұшып келетін әуежайдағы санитариялық-карантиндік пункттің маманына тез арада беруді;

4) тіркеуден өту, әуе кемесіне отырғызу және одан түсіру кезінде жолаушылар арасында қауіпсіз қашықтықты (кемінде 1 метр) және маска режимін сақтауды;

5) әуе кемесінің бортында жеке қорғаныш құралдарының (маскалар, қолғаптар), қолға арналған антисептиктердің, дезинфекциялау құралдарының болуын;

6) ұшу кезінде әуе кемесінің салонында жолаушылардың қозғалысын, сондай-ақ дәретхананың жанында жиналуын шектеуді;

7) уақтылы ауыстыру шартымен (әр 2 сағат сайын), жеке қорғаныш құралдары (медициналық маскалар, қолғаптар) бар болған жағдайда, сондай-ақ вакцинация паспорты немесе (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар немесе COVID-19-бен ауырып сауыққан адамдарды соңғы 3 айда қоспағанда) вакцинацияланбаған қызметкерлерде міндетті ПТР тестілеу (7 күнде 1 рет) болған жағдайда қызметкерлерді жұмысқа жіберуді;

8) дене температурасын өлшей отырып, қызметкерлерді ауысым алдындағы (ұшу алдындағы) медициналық қарап-тексеруден өткізуді;

9) тұрақты халықаралық әуе қатынастарын қалпына келтіру алдында әуе кемелеріндегі ауа баптау, желдету жүйелеріне ревизия жүргізуді және сүзгілерді ауыстыруды қамтамасыз етсін.

9. Көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы:

1) ұшып келу аймағында халықаралық жолаушылар авиарейстерімен келетін барлық адамдарға байланыссыз термометрия жүргізуді;

2) дене температурасы жоғары адамдар немесе ауру симптомдары (жөтел, енгігу, тыныс алудың қиындауы) бар адамдар анықталған жағдайда ықтимал жұқтыруға жол бермеу бойынша шараларды сақтай отырып, жолаушыны әуежай изоляторына жіберуді;

3) рейс келгеннен кейін екі сағат ішінде деректерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Веб-қосымшасына бере отырып, оларды сауалнамаларды тану жүйесімен өңдеуді;

4) Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттеріне Анықтамасыз халықаралық авиарейстермен келген жолаушылар жөнінде ақпарат жіберуді қамтамасыз етсін.

10. «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны:

1) шетелден Анықтамасыз келген Қазақстан Республикасының азаматтарын ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық зерттеп-қарауды;

2) 2 тәуліктен аспайтын мерзімде ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық зерттеп-қарау нәтижесін беруді қамтамасыз етсін.

11. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының халықаралық әуежайларының басшылары:

1) әрбір рейстен кейін әуе кемелерін ағымдағы профилактикалық дезинфекциялауды;

2) тіркеуден өту, әуе кемесіне отырғызу және одан түсіру кезінде жолаушылар арасында қауіпсіз қашықтықты (кемінде 1 метр) және маска режимін сақтауды;

3) тұрақты және чартерлік рейстердің жолаушыларын түсіруге және отырғызуға тартылған әуежай терминалдарының барлық үй-жайларын ағымдағы профилактикалық дезинфекциялауды;

4) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 38 қаулысына сәйкес әуежайлар жұмысының алгоритмін сақтауды қамтамасыз етсін.

12. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерінде коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 23 қазандағы № 59 және «Коронавирустық инфекцияның «омикрон» штамының Қазақстан Республикасына әкелінуінің алдын алу жөніндегі шараларды күшейту туралы» 2021 жылғы 30 қарашадағы № 51 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

13. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

14. Осы қаулы 2022 жылғы 17 қаңтар сағат 00-де күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**

Е. Қиясов

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2022 жылғы 13 қаңтардағы № 3 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасына шетелден авиарейстермен келетін адамдарға қатысты шектеу шаралары

1. Қазақстан Республикасына шетелден авиарейстермен келген барлық адамдар (Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; авиакомпаниялар экипаждарын қоспағанда) термометриядан, сауалнамадан өтеді және COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсының болуына қарамастан, ПТР әдісімен COVID-19-ға тесттен өткені туралы анықтаманы (қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде) (бұдан әрі – Анықтама) ұсынуға міндетті. Бұл ретте Анықтама ПТР әдісімен зерттеуге материал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен сәтте 72 сағаттан ерте емес уақытта алынған жағдайда жарамды.

Оларды алып жүретін адамдарда Анықтама болған кезде 5 жасқа дейінгі балаларға; Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларына; авиакомпаниялар экипаждарына Анықтама ұсыну талап етілмейді.

2. Дене температурасы қалыпты шектегі, анықтама берген, келген адамдарға COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндіру жүргізіледі, олар межелі жеріне жол жүруді жалғастырады.

3. Дене температурасы жоғары адамдар, Анықтаманың болуына қарамастан, инфекциялық стационарда оқшаулауға жатады.

4. Келген адамдарға сауалнама осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2022 жылғы 13 қаңтардағы № 3 қаулысына
2-қосымша

COVID-19 тіркелген кезде мониторинг және тергеп-тексеру жүргізу мақсатында инфекция жұқтырған және байланыста болған адамдардың деректерін өңдеу алгоритмі

1. COVID-19 тіркелген кезде мониторингілеу және тергеп-тексеру мақсатында инфекция жұқтырған және байланыста болған адамдарды тіркеу алдын ала жіктеуді пайдалана отырып жүргізіледі:

- әкелінген жағдайлар (авиарейстер, теміржол тасымалы, авто);
- байланыс жағдайлары (инфекция жұқтырғандардың жақын байланыстары санатынан);
- жергілікті жағдайлар (жұқтырудың анықталмаған көздері);
- профилактикалық мақсатта скрининг жүргізу шеңберінде анықталған жағдайлар.

1.1 Әкелінген жағдайларды тіркеу:

1.1.1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық және көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменттерінің санитариялық-карантиндік пункттерінің (бұдан әрі – СКП) мамандары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің COVID-19 Веб-қосымшасында (бұдан әрі – COVID-19 Веб-қосымшасы) не қағаз тасығышта басқа елдерден келген жолаушыларды тіркеу үшін қағаз тасығыш нысанында сауалнама жүргізеді. Сауалнаманы жолаушылар өз бетінше немесе СКП мамандарының көмегімен толтырады.

1.1.2. Басқа елдерден/өңірлерден келген жолаушыларды тіркеу үшін сауалнаманы толтырудан бас тарту ҚР заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартуға негіз болып табылады.

1.1.3. Басқа елдерден келген жолаушыларды тіркеуге арналған сауалнаманы жолаушылар қағаз тасығышта толтырған кезде СКП қызметкерлері рейс/поезд/авто келгеннен кейін екі сағат ішінде мәліметтерді COVID-19 Веб-қосымшасына көшіреді.

1.1.4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің (бұдан әрі – АД) мамандары өңірдегі COVID-19 бойынша эпидемиологиялық ахуалға мониторинг жүргізеді, атап айтқанда: 1А, 1Б, 2, 3А, 3Б, 4, 5А, 5Б, 5В, 5Г, 5Д, 5Е кестелеріне сәйкес деректер жинауды жүргізеді, сондай-ақ деректерді COVID-19 Веб-қосымшасына енгізеді.

1.1.5. Республикалық маңызы бар қалалардың және облыстардың (қоғамдық) денсаулық сақтау басқармаларының (бұдан әрі – ҚДБ) мамандары 1Б, 3Б, 4, 5Б, 5В, 5Г кестелеріне сәйкес инфекция жұқтырғандар туралы барлық деректерді АД-ға ұсынуы, сондай-ақ 1Б, 3Б, 4, 5Б, 5В, 5Г кестелеріне сәйкес байланыста болған адамдар туралы барлық деректерді АД-ға ұсынуы қажет.

Chief State sanitary doctor
of the Republic of Kazakhstan
№2 of _____, _____

For registration of passengers arriving from other countries / regions QUESTIONNAIRE

Surname

Name

Father’s name

Date of birth

Citizenship

Passport data

Place of work (study)

Place and duration of stay in the last 14 days

6.	7.	8.	9.	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39
40	41	42	43	44	45	46	47	48	49	50	51	52	53	54	55	56	57	58	59	60	61	62	63	64	65	66	67	68	69	70	71	72	73

Was there a contact with the diseased or persons who have symptoms of the disease

yes	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	no	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
-----	--------------------------	--------------------------	--------------------------	--------------------------	----	--------------------------	--------------------------

Place of residence or alleged residence

Contact phone numbers

Route

From	
To	

Signature

Date

Note: these forms will be used solely for business purposes in the context of measures to prevent the importation and dissemination in the territory of Kazakhstan coronavirus infection (COVID 19), surveyed the passenger is responsible for what information is supplied in accordance with the laws of RK.

Кейіннен медициналық бақылау үшін байланыста болған адамдардың деректерін беру нысаны

Жауапты эпидемиологтың Т.А.Ә. және жұмыс орны

Бақылауды жүзеге асыратын медициналық ұйым

Хабарлама күні және уақыты

№	ТАӘ	Жынысы	Туған күні	ЖСН	Үйінің мекенжайы	Ұялы телефон
1	2	3	4	5	6	7

3А кесте

<p>COVID-19 -бен ауыратын науқаспен байланыста болған адамды бақылау нысаны</p> <p>Деректерді жинады:</p> <p>1. Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса)</p> <p>_____</p> <p>2. Лауазымы:</p> <p>_____</p> <p>3. Жұмыс орны (ұйымның атауы, мекенжайы):</p> <p>_____</p> <p>5. Ұялы телефон:</p> <p>_____</p> <p>6. Электрондық почта:</p> <p>_____</p>	<p>Байланыста болған адамның деректері</p> <p>1. Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса)</p> <p>_____</p> <p>2. _____</p> <p>Жынысы _____</p> <p>3. Туған күні _____</p> <p>4. ЖСН _____</p> <p>_____</p> <p>5. Үйінің мекенжайы (карантин орны): _____</p> <p>6. Ұялы телефон: _____</p> <p>7. Электрондық почта: _____</p> <p>_____</p>
---	---

Бақылау қадағалау күнделігі (ауру симптомдарын көрсету)

3Б кесте

Күндер	Таңертең	Кешке	Күндер	Таңертең	Кешке
Бірінші күн «__»			Сегізінші күн «__» _____		
Екінші күн «__»			Тоғызыншы күн «__» _____		
Үшінші күн «__»			Оныншы күн «__» _____		
Төртінші күн «__»			Он бірінші күн		

_____			«___» _____		
Бесінші күн «___»			Он екінші күн «___» _____		
Алтыншы күн «___»			Он үшінші күн «___» _____		
Жетінші күн «___»			Он төртінші күн «___» _____		

4-кесте

Үй карантині жағдайында медициналық бақылаудағы байланыста болған адамдар туралы мәліметтер

	Бақылау жүргізген қызметкердің ТАӘ _____ Бақылау жүргізген қызметкердің байланыс телефоны: _____ Ұйым, лауазымы _____									
р/с №	Жауапты маманның сәйкестендіргіші	Байланыста болған адамды бірегей сәйкестендіргіші	Тегі	Аты	Жынысы	Жасы	Мекенжайы/ байланыс телефоны: үй телефоны, ұялы телефоны	Туыстарының байланыс телефондары	Ағымдағы мәртебе 1 – бақылауда 2 – жұмыста (іздеу) 3 – ауыстырылды 4 – алып тасталды	Алынған/ ауыстырылған күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

COVID-19 жағдайын тіркеу журналы

5А кесте

р/с №	Жағдайды бірегей сәйкестендіргіш	Класс / өңір нөмірі	Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса)	Жынысы	Туған күні (күні/айы /жылы) Жасы (жыл, ай)	Тұрғылықты мекенжайы	Азаматтығы	ЖСН	Байланыс (ұялы және үй) телефоны	Ағымдағы мәртебе:	Жағдай мәртебесі
1	2	3	4	5	6	7	8	9		10	
										Тірі <input type="checkbox"/> қайтыс болған <input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/> расталған <input type="checkbox"/> ықтимал

											<input type="checkbox"/> күдікті
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	----------------------------------

Симптомдары

5Б кесте

р/с №	Бірінші симптомның пайда болған күні	Жоғары температура >37°C (қазір немесе бұрын)	Тамақтың ауыруы	Мұрынның бітелуі	Жөтел	Тыныс алудың қиындауы/ентігу	Құсу	Лоқсу	Іш өту	Қосымша мәліметтер /Ескертпе	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	10	
	____/____/2020ж. <input type="checkbox"/> симптомдар жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	

Үлгілерді бастапқы жинау

5В кесте

р/с №	Респираторлық үлгілерді жинау күні	Респираторлық үлгінің типі	Сарысу алынды ма?	Басқа да биологиялық үлгілер алынды ма?
1	2	3	4	6
	____/____/2020 г.	<input type="checkbox"/> Мұрыннан жағынды <input type="checkbox"/> Аңқадан жағынды <input type="checkbox"/> Мұрын-жұтқыншақтан жағынды <input type="checkbox"/> Басқасы, көрсету	иә <input type="checkbox"/> күні: _____ жоқ <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> қандай және күнін көрсету: _____ жоқ <input type="checkbox"/>

Клиникалық сипаттамасы

5Г кесте

р/с №	Емдеуге жатқызу талап етіледі	Реанимациялық бөлімшеге жатқызу талап етіледі	Жіті респираторлық дистресс-синдром	Пневмония (рентгенде немесе КТ-да)	Инфекцияның болуын болжайтын басқа да ауыр немесе өмірге қауіп төндіретін жағдай	Өкпе ні жасанды желдету талап етіледі	Экстракорпоралды мембраналы оксигенация (ЭМО) талап етіледі	Ескертпе
1	2	3	4	6	7	8	9	
	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз Егер иә болса,	<input type="checkbox"/> иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз	иә <input type="checkbox"/> күні: _____ жоқ <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> күні _____ жоқ <input type="checkbox"/> рентген/	иә <input type="checkbox"/> қандай екенін көрсету керек	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	

стационарды көрсетіңіз			КТ жүргізілген жоқ	_____	_____			
------------------------	--	--	--------------------	-------	-------	--	--	--

Эпидемиологиялық анамнез

5Д кесте

р/с №	Соңғы 14 күнде елдің ішінде қайда саяхатта болды?	Елдегі барған елді мекендер (облысты көрсетіп отырып)	Соңғы 14 күн ішінде Қазақстанның шегінен тыс саяхат	Барған елдер	Барған елді мекендер	COVID-19 инфекциясына күдікті немесе расталған біреумен байланыс болды ма?	Соңғы 14 күн ішінде көпшілік жиналысқа/іс-шараларға/концертке барды ма	Соңғы 14 күн ішінде осыған ұқсас ауруы бар адаммен жақын байланыста болды ма
1	2	3	4	6	7	8	9	1
	иә <input type="checkbox"/> с ____/____/2020 ____/____/2020 аралығында жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	1. 2. 3. . .	иә <input type="checkbox"/> с ____/____/2020 ____/____/2020 аралығында жоқ <input type="checkbox"/>			иә <input type="checkbox"/> қай кезеңде екенін көрсету _____ жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	иә <input type="checkbox"/> жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>

Кестенің жалғасы

5Е кесте

р/с №	Пациент соңғы 14 күннің ішінде ауруханаға барды немесе емдеуге жатқызылды	Пациент соңғы 14 күннің ішінде емханаға/ОДА-ға ФАП-қа барды	Пациенттің айналысатын ісі
1	2	3	4
	иә <input type="checkbox"/> Егер иә, онда нақтылаңыз _____ жоқ <input type="checkbox"/> белгісіз <input type="checkbox"/>	1. 2. 3. . .	Денсаулық сақтау қызметкері <input type="checkbox"/> Зертхана маманы <input type="checkbox"/> Студент/оқушы <input type="checkbox"/> Басқа, нақтылаңыз <input type="checkbox"/>

Деректерді жинады:

1. Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса) _____
2. Лауазымы: _____
3. Жұмыс орны (ұйымның атауы, мекенжайы): _____
4. Жұмыс телефоны: _____
5. Ұялы телефоны: _____
6. Электрондық почта: _____
7. Нысан толық толтырылды: иә, толық жоқ, ішінара

8. Толық толтырмау себебін көрсетіңіз Байланыс үзілді Деректерді беруден бас тарту Басқасы, көрсетіңіз _____
9. Қолы _____
10. Күні « _____ » _____ жыл

Ақпарат берген адам туралы ақпарат (егер ол пациент болмаса)

1. Тегі _____ Аты _____ Әкесінің аты (бар болса) _____
2. Туған күні (күні/айы/жылы) _____ / _____ / _____
3. Жынысы: 1- ер, 2- әйел
4. Жеке сәйкестендіру нөмірі _____
5. Тұрғылықты жері (мекенжайы) _____
6. Жұмыс орны, лауазымы _____
7. Пациентке кім болады _____
8. Ұялы телефон _____

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2022 жылғы 13 қаңтардағы
№ 3 қаулысына
3-қосымша

COVID-19 науқасымен байланыста болған адамның және шетелден Қазақстан Республикасына авиарейстермен келген адамның қолхаты

Елді мекен _____ 2022 жылғы « ___ » _____

Мен _____, ЖСН: _____,
(Т.А.Ә. (бар болса))

_____ жылы ҚР ІІМ/ӘМ берген № _____ төлқұжат/жеке куәлік,
_____ мекенжайында тіркелгенмін, нақты
_____ мекенжайында тұрамын. Қазақстан
Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы
_____ № _____ - БМСД қаулысымен бекітілген COVID-19 эпидемиялық тәуекелі
жоғары адам ретінде қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша міндеттемелерді өзіме
қабылдаймын. Дербес деректерді өңдеуге келісім беремін.

Отбасының/үй шаруашылығының кез келген мүшесінде температурасы
немесе әлсіздік белгілері пайда болған кезде карантин туралы хабардар етіп және
жүгіну себебін көрсете отырып, COVID-19 бойынша колл-орталыққа дереу жүгіну
немесе жедел жәрдем шақыру қажеттілігі туралы хабардар етілдім.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан
Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 462-бабының 3-бөлігіне сәйкес
мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының өз құзыреті шегінде заңды
талаптарын немесе қаулыларын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны
үшін әкімшілік жауапкершіліктің болуы туралы хабардар етілдім.

ӘҚБтК-нің 462-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік жауапкершіліктің
болуы туралы, мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау

және өзге де мәліметтерді, ақпаратты беруден бас тарту не дәйексіз ақпарат беруден бас тарту түріндегі кедергі келтіруге тыйым салу туралы хабардар етілдім.

Сондай-ақ, 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380-бабына сәйкес билік өкіліне қатысты зорлық-зомбылықты қолданғаны үшін қылмыстық жауапкершіліктің бар екендігі туралы хабардар етілдім.

Күні: _____
Қолы _____

Қазақстан Республикасы бойынша екі жақты және транзиттік қатынаспен халықаралық жүк тасымалын жүзеге асыратын жүргізушілерге арналған НҰСҚАУЛЫҚ

ҚҰРМЕТТІ ЖҮРГІЗУШІ!

Санитариялық шаралардың күшеюіне байланысты келесі нұсқауларды орындауыңызды өтінеміз.

1. Қосымшаға сәйкес ұсынылған тұрақтарды, техникалық қызмет көрсету, демалу және тамақтану орындарын қоспағанда, қозғалыс маршрутында елді мекендерге кіруге және тоқтауға жол бермеңіз.

2. Объектілерге кіру және шығу кезінде санитайзер пайдаланыңыз.

3. Объектілерге (қонақ үйлерге, отельдерге) барғанда жеке қорғаныш құралдарын (медициналық маскалар) пайдаланыңыз. Медициналық маска кем дегенде 3 сағатта бір рет ауыстырылады. Бір рет қолданылатын масканы қайта пайдалануға болмайды.

4. Объектілерге барған кезде адамдар арасында кем дегенде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтаңыз.

5. Санитариялық тораптарға барғаннан кейін жеке гигиена ережелерін сақтаңыз.

6. Денсаулық жағдайыңыз нашарлаған жағдайда медициналық көмекке жүгініңіз.

7. Қажет болған жағдайда _____ облысы бойынша жол полициясының жедел орталығына мына: _____ телефондар арқылы хабарласыңыз.

8. Ұсынылған орындарда хаттамаға сәйкес күшейтілген санитариялық қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылады.

УВАЖАЕМЫЙ ВОДИТЕЛЬ!

В связи с усилением санитарных мер, убедительная просьба придерживаться следующей инструкции.

1. По маршруту движения не допускать заезда и остановок в населённые пункты, за исключением рекомендуемых стоянок, технического обслуживания, мест отдыха и питания, согласно приложения.

2. На входе и выходе на объекты использовать санитайзеры.

3. Использовать средства индивидуальной защиты (медицинские маски) при посещении объектов (гостиниц, отелей). Смена медицинских масок проводится не реже 1 раза в 3 часа. Исключить повторное использование одноразовых масок.

4. Соблюдение социальной дистанции между людьми при посещении объектов не менее 2 метров.

5. Соблюдать правила личной гигиены после посещения санитарных узлов.

6. В случае ухудшения состояния здоровья обратиться за медицинской помощью.

7. При необходимости обращаться в оперативный центр дорожной полиции по _____ области по телефонам: _____.

8. В рекомендованных местах, согласно протоколу, будут осуществляться усиленные меры санитарной безопасности.

DEAR DRIVER!

Due to the strengthening of sanitary measures, please follow the following instructions.

1. On the route, do not allow entry and stops in settlements, with the exception of recommended parking, maintenance, places of rest and food, according to the application.
2. Use sanitizers at the entrance and exit of objects.
3. Use personal protective equipment (medical masks) when visiting facilities (hotels, hostels). Medical masks are changed at least once every 3 hours. Eliminate the reuse of medical masks.
4. Compliance of social distance between people when visiting objects of at least 2 meters.
5. Follow the rules of personal hygiene after visiting sanitary facilities.
6. Seek medical attention if your health condition worsens.
7. If necessary, contact the operational center of the traffic police in the _____ region by phone: _____.
8. In the recommended places, according to the Protocol, enhanced sanitary safety measures will be implemented

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2022 жылғы 13 қазандағы
№ 3 қаулысына
5-қосымша

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу
пункттерінен теміржол, теңіз, өзен көлігімен және автоөтпе жолдарымен келген,
COVID-19-ға зерттеп-қарау нәтижесі оң адамдар үшін қолхат**

Елді мекен _____ 2022 жылғы «__» _____

Мен _____, ЖСН: _____,
(Т.А.Ә. (бар болса))

_____ жылы ҚР ПМ/ӘМ берген № _____ төлқұжат/жеке куәлік,
_____ мекенжайында тіркелгенмін, нақты
_____ мекенжайында тұрамын. Қазақстан
Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы
№ _____ - БМСД қаулысымен бекітілген COVID-19 эпидемиялық тәуекелі
жоғары адам ретінде қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша міндеттемелерді өзіме
қабылдаймын. Дербес деректерді өңдеуге келісім беремін.

Температура немесе әлсіздік белгілері пайда болған кезде карантин туралы
хабардар етіп және жүгіну себебін көрсете отырып, COVID-19 бойынша колл-
орталыққа дереу жүгіну немесе жедел жәрдем шақыру қажеттілігі туралы хабардар
етілдім.

Зерттеп-қараудың оң нәтижесі туралы, межелі жерге келгеннен кейін МСАК
ұйымына жүгіну және COVID-19-ға зерттеп-қараудың оң нәтижесі туралы хабарлау
қажеттілігі туралы хабардар етілдім.

Сауалнамада көрсетілген, оның ішінде межелі жерге дейінгі жол жүру
маршруты жөніндегі ақпараттың дұрыстығын растаймын. Жол жүру маршрутының
өзгеруі және дұрыс емес ақпарат бергенім үшін жауапкершілік туралы хабардар
етілдім.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан
Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 462-бабының 3-бөлігіне сәйкес
мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының өз құзыреті шегінде заңды

талаптарын немесе қаулыларын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершіліктің болуы туралы хабардар етілдім.

ӘҚБтК-нің 462-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік жауапкершіліктің болуы туралы, мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына өздерінің құзыретіне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауы үшін қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық және өзге де мәліметтерді, ақпаратты беруден бас тарту не дәйексіз ақпарат беруден бас тарту түріндегі кедергі келтіруге тыйым салу туралы хабардар етілдім.

Сондай-ақ, 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380-бабына сәйкес билік өкіліне қатысты зорлық-зомбылықты қолданғаны үшін қылмыстық жауапкершіліктің бар екендігі туралы хабардар етілдім.

Күні: _____
Қолы _____

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2022 жылғы 13 қазандағы
№ 3 қаулысына
6-қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы теміржол, теңіз, өзен көлігінде және автоөтпе жолдарында өткізу пункттеріндегі шектеу шаралары

1. Қазақстан Республикасына Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен теміржол, теңіз, өзен көлігінде және автоөтпе жолдарында келген барлық адамдар (бұдан әрі – келген адамдар) (Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; локомотив бригадаларының мүшелерін; теміржол, теңіз және өзен көлігінде тасымалдау қызметімен байланысты адамдарды қоспағанда) термометриядан, сауалнамадан өтеді және COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсының болуына қарамастан, ПТР әдісімен COVID-19-ға тесттен өткені туралы анықтаманы (қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде) (бұдан әрі – Анықтама) ұсынуға міндетті. Бұл ретте Анықтама ПТР әдісімен зерттеуге материал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен сәтте 72 сағаттан ерте емес уақытта алынған жағдайда жарамды.

Оларды алып жүретін адамдарда Анықтама болған кезде 5 жасқа дейінгі балаларға; Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларына; локомотив бригадаларының мүшелеріне; теміржол, теңіз және өзен көлігінде тасымалдау қызметімен байланысты адамдарға Анықтама ұсыну талап етілмейді.

2. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік және екі жақты қатынаста халықаралық жүк тасымалдарын жүзеге асыратын жүргізушілер термометриядан, сауалнамадан өтеді және Қазақстан Республикасында Анықтаманы көрсетеді.

Анықтама болмаған кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша екі жақты қатынаста халықаралық жүк тасымалдарын жүзеге асыратын жүргізушілер ПТР әдісімен COVID-19-

ға зертханалық зерттеп-қараудан өтеді. ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық зерттеп-қарау үшін материал алынғаннан кейін межелі жеріне дейін маршруты бойынша жол жүруді жалғастырады. Келген адамнан COVID-19-ға зертханалық зерттеп-қараудың оң нәтижесін алған кезде мемлекеттік шекарадағы санитариялық-карантиндік пунктке іссапарға жіберілген санитариялық-эпидемиологиялық қызмет маманы COVID-19-ға оң нәтиже туралы ақпаратты қазіргі уақытта сауалнамада көрсеткен маршрут парағына сәйкес келген адам аумағында болатын облыстық санитариялық-эпидемиологиялық қызмет департаментіне береді. Қазіргі уақытта келген адам аумағында болатын санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің маманы денсаулық сақтау басқармасына (бұдан әрі – ДСБ) және келген адамға COVID-19-ға зертханалық зерттеп-қараудың оң нәтижесі туралы хабарлайды. ДСБ келген адамды медициналық қарап-тексеруді қамтамасыз етеді, COVID-19 белгілері болған кезде оны инфекциялық стационарға жатқызу қажеттігі туралы шешім қабылдайды. COVID-19 белгілері болмаған кезде оған COVID-19-дың ықтимал белгілері туралы және межелі жерге келгеннен кейін МСАК ұйымына жүгіну және COVID-19-ға зерттеп-қараудың оң нәтижесі туралы хабардар ету қажеттігі туралы түсіндіреді. ДСБ осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес тиісті қолхат алады. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет департаменті және ДСБ келген адамның межелі жеріндегі ДСБ-ға COVID-19-ға зерттеп-қараудың оң нәтижесі бар адамның жол жүргені туралы хабарлайды.

3. Анықтама ұсынған, дене температурасы қалыпты шектегі келген адамдарға осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес тиісті қолхат алына отырып, COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндіру жүргізіледі, олар межелі жеріне дейін жол жүруді жалғастырады.

Анықтаманың болуына қарамастан, дене температурасы жоғары келген адамдар инфекциялық стационарда оқшаулауға жатады.

4. Келген адамдарға сауалнама осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

5. Келген Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұруға ықтиярхаты бар адамдар (осы қосымшаның 2-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда) Анықтама болмаған жағдайда ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық зерттеп-қарау үшін 2 тәулікке карантиндік стационарға оқшаулауға жатады. COVID-19-ға зертханалық зерттеп-қарауға материал алуды медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) маманы жүзеге асырады.

COVID-19-ға зертханалық зерттеп-қарау нәтижелерін алғаннан кейін теріс нәтижемен келген адамдарға осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес тиісті қолхат алына отырып, COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндіру жүргізіледі, COVID-19-ға зертханалық зерттеп-қарау нәтижесі оң адамдар инфекциялық стационарға емдеуге жатқызылады.








Согласовано

13.01.2022 19:12 Ерубает Нуртуган Жаканович
13.01.2022 19:18 Естекова Гульмира Абдигалиевна
13.01.2022 19:28 Садвакасов Нуркан Олжабаевич
13.01.2022 19:32 Ахметова Зауре Далеловна
13.01.2022 19:37 Есмагамбетова Айжан Серикбаевна

Подписано

13.01.2022 19:46 Киясов Ерлан Ансаганович



Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 01-1-24/221-И от 13.01.2022 г.
Организация/отправитель	МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
	НЕТ
Электронные цифровые подписи документа	 <p>Подписано: Руководитель управления</p> <p>Время подписи: 13.01.2022 19:12</p>
	 <p>Подписано: Главный эксперт</p> <p>Время подписи: 13.01.2022 19:18</p>
	 <p>Физическое лицо Подписано: Заместитель председателя САДВАКАСОВ НУРКАН МПТАAYJ...PVlz1uxM= Время подписи: 13.01.2022 19:28</p>
	 <p>Физическое лицо Подписано: Заместитель председателя АХМЕТОВА ЗАУРЕ МПТНгYJ...bYNSjpMA= Время подписи: 13.01.2022 19:32</p>
	 <p>Физическое лицо Подписано: Председатель ЕСМАГАМБЕТОВА АЙЖАН МПТОgYJ...zQZYNS5sB Время подписи: 13.01.2022 19:37</p>
	 <p>Физическое лицо Подписано: Вице-Министр КИЯСОВ ЕРЛАН МПТWAYJ...c1QqofACK Время подписи: 13.01.2022 19:46</p>
	 <p>Физическое лицо Подписано: Делопроизводитель АХМЕТОВА НАЗИЛЯ МПТКQYJ...kXVvH4A== Время подписи: 13.01.2022 19:47</p>



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.